

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!



№56
(2227)
Жұма
28 маусым
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰРАТБАЕВ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚҰРМЕТТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ! ҚАДІРЛІ САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!



Сіздерді мерекелеріңіз – кәсіби ақпарат құралдары қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің жаһандық даму көшінен қалмай төрткүл дүниедегі оқиғалардан дер кезінде хабардар болып отыруымыз, ол ең бірінші ақпарат айдынында жүрген журналистердің еңбегі.

Бүгінгідей медиа кеңістіктің ауқымы кеңейіп, ақпарат таратудың көзі көбейгені журналистердің кәсіби деңгейін көтере түсті. Қазір қаламгерлер жаңалықтар жаршысы ғана емес, жедел және ашықтық алаңының айнасына айналды. Осындай жауапты жұмысты жандандырып, қалам құнарымен, ой шұрайымен

қоғамға қызмет етуші журналистер қауымына айтар алғысымыз шексіз.

Сіздердің кәсіби қызметтеріңіз алдағы уақытта да біздің өңіріміздің оң келбетін қалыптастыруға, оның әлеуметтік-экономикалық дамуын көрсетуге, қоғамдағы келісім мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталадығына сенімдімін.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке, шығармашылық табыспен шалқар шабыт тілеймін.

Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек Шермағанбет

«ЖАСТАР КЕРУЕНІ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Жыл сайын аудан әкімдігінің қолдауымен және аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтетін «Жастар керуені» жобасы биыл да жалғасын табуда. Аталмыш жоба алдағы уақытта барлық ауылдық округтерде жалғасып, ауыл жастарына жан-жақты қолдау, олардың бос уақыттарын тиімді өткізу бағытында бірқатар шаралар өткізілмек.

«Жастар керуені» жобасы бұл жолы Ғани Мұратбаев аулына аялдады. Жоба аясындағы шаралар алдымен «Еңбек Даңқы» орденінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Күнділда Төлегеновпен кездесумен басталды. Кездесуде жастар еңбек адамының өнегелі өмір жолына қанық болып, бала тәрбиесі, ұлттық құндылықтар жайында әңгіме өрбітіп, еңбек адамымен ашық пікір алма-



сты.

Мұнан соң жоба аясында ауыл келіндері арасында «қазанжаппай» жабудан сайыс және қол күрес, арқан тартыс, гір көтеру сынды ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауыл тұрғындары мен жастарға сала мамандары тарапынан кеңес берілді. Ғани аулында өткен тағылымды шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов

қатысып, дәстүрге айналып келе жатқан «Жастар керуені» жобасының маңызы мен тиімділігіне тоқталды.

Сонымен қатар, түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып жүрген бірқатар жастарға аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Шара соңы гала концертке ұласып, жиналған көпшілік аудан өнерпаздарының өнерін тамашалады.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫМЕН ОҚУ СЕМИНАРЫ ӨТТІ

Ғ.Мұратбаев аулындағы «Рза АГРО» ЖШС-де ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің өкілдерінің қатысуымен Ауыспалы күріш егісіне қант құмайын мал азықтық және тұқымдық бағыттарда өсіру технологиясы» атты оқу семинары өтті.

Семинарда ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зертханалық институтының бөлім меңгерушісі Қанағат Беғалиев, техника ғылымдарының кандидаты Жанұзақ Байманов, жоба үйлестірушісі Айжан Қарабаева жоғарыда аталған тақырыпта баяндама жасады.

Одан соң ғалымдар ауыл шаруашылығы мамандарына егін егу кезіндегі тәсілдерімен бөлісіп, «Топырақ дәрігері» қапшығымен таныстырды.

Еркін форматта өткен оқу семинарында ауыл шаруашылығы саласының мамандары мен ғалымдар өзара пікір алмасып, ұсыныстарымен бөлісті.

Айта кетейік, Қазалы ауданы бойынша үстіміздегі жылы 17 377 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары толығымен орналастырылып, күтімге алынды.

Ал, ағымдағы жылы күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 250 гектарға кем жоспарланғанымен, суды аз қажет ететін басқа дақылдардың көлемі артып отыр.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

● 28 маусым - бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесі!

ҚАЛАМДАСТАРҒА ТІЛЕК

Бұқаралық ақпарат құралдары күні қалам ұстаған тілшілердің, журналистердің, қоғамдық негіздегі тілшілердің мерекесі. Қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор.

Баспасөзді «төртінші билік», - деп атап жүрміз. Қашанда журналист, тілшілердің қызметінің жауапкершілігі ауыр. Сырттай қарағанда бұл қызметтің қыр-сырын біле бермейтіндер үшін жеңіл-желпі көрінуі де мүмкін.

Инемен құдық қазғандай деуге келетін тілшілік қызметте бір әріп үшін, бір сөз үшін жаңылысса жауапты екенін тек қана БАҚ өкілдері ғана түсінеді. Мақала жазуда тіліңде жұтаңдық, ұйқасыңда олқылық, сапасы, мазмұнында кемшілік болмауы керек. Журналистердің үгіт-насихатының арқасында азаматтар әлеуметтік-саяси процестердің белсенді қатысушыларына айналатыны да белгілі жай.

Бұқаралық баспасөз бен теледидар алғашқылардың бірі болып қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударады, ықтимал әлеуметтік және саяси



қақтығыстар жайлы дабыл қағып, билік құрылымдарына жағдайды саралап арнаулы шешім қабылдауларына итермелейді.

Мен өзім аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің ұзақ жылдар бойы штаттан тыс тілшісі болғандықтан бұл ұжымға бауыр басып қалғандығымды жасырмаймын. Газетке мақала жазбасам отыра алмайтыным да шындық.

Кезінде абыз ақсақал Әлмәмбет Әлішевтен жазудың қыр-сырын үйрендім. Тұлғалы азаматтың

ақылын тыңдадым, өнегесінен өмірлік маңызды тағылымдар алып ол кісіге еліктегендердің бірімін.

Қазіргі кезде атағымен қарым-қабілетімен, ерекше дарынымен дараланған ағаның немересі Нұрбол Әлмәмбетов «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры. Тегінде қанында бар тектілік текке кетпейтіні де белгілі ғой.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің ұжымы жоғарғы дәрежеде заман талабына сай халыққа қызмет жасап келеді. Тиражы да аз емес. Газетке жазылу бағасы да қол жетімді. Республикадағы ең арзан газет. Тұрмысы төмен отбасылары мен мүмкіндігі шектеулі жандарды газетке тегін жаздыру үрдісінде газет басшылығы естен шығарған емес.

Газетте жарияланған мақалалардың сапасы жоғары, тілдері шұрайлы, жазуға машықтанып төселген тілшілердің жазғандарын көпшілік сүйсініп оқитын дәрежеде.


Қарымды қаламгер, тәжірибелі журналист Раушанбек Сейтенов, компью-

тер оператор-дизайнері Жұлдызай Жылқайдар, әдеби тілші Ұлпан Ібраш, баспахана меңгерушісі Темірғали Тойбазаров, қоғамдық негіздегі жазуға төселген қаламгерлер: Гүлшаһар Әймішева, Шәрбану Бәекеева, Жеткербай Махамбет, Тілектес Аязбаевтың мақала жазудағы белсенділіктері, көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелерді қозғай білетіндіктері сүйсінерліктей.

Бұл қоғамдық негіздегі тілшілердің бәрі де кезінде Әлмәмбет ағаның көзін көріп, тәлімін алған, байырғы қалам ұстағандар қатарындағылар. Мен де солардың қатарында жүргендіктен әріптестерімді бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері мерекесі күнімен құттықтай отырып, жазарларың көбейсін, Алла тағала дендеріңе саулық, күш-қуат, отбастарыңа бақ-береке бергей деген шынайы көңіліммен тілектестігімді білдіремін.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
аудандық орталық
«Жанқожа батыр» мешітінің
баспасөз хатшысы,
полицияның құрметті
ардагері

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ



Жақсылықтың жаршысы,
Журналистер қауымы.
Әр саладан хабардар,
Терең ойлы танымы.
Халық көзін ашатын,
Газет журнал тәлімі.
Баспалардан көрінер,
Мәселенің анығы.
Жөн жосықтың білінер,
Бұрыс басқан адымы.
Шынтуайтын жазатын,
Тілшілер ғой кәнігі.
Алдымызда келе жатыр,
Журналистер мейрамы.
Жетістікке жеткізген,
Биік болсын шыңдары.
Ғұмырлары ұзақ боп,
Жарқын болсын нұрлары,
Денсаулығы зор болсын!
-деп тілейміз бізде.

«Қазақ газетінен» бастау алатын баспасөз саласы, бұл күндері қанатын кеңге жайған, түрлі-түрлі ақпарат құралдарына айналды. Оқырмандарымызға шалқар шабыт, рухани азық беретін газет-журналдарымызбен онда қызмет атқаратын журналист, қаламгерлердің халық үшін сіңірген еңбектері ұшан теңіз десекте болады. Себебі, газет-журналдар адамдарды рухани құндылықтарымен байытып, моралдық құндылықтарға

кенелтеді.

Баспасөз халық пен қоғам арасындағы рухани байланыс көпірі екені даусыз. Ал, адамдар газет-журнал, кітаптарды оқып, білімге деген құштарлығы артып, жан сарайы кеңейіп, ой-өрісі дамып, жаңа идеяларға жол ашыла бастайды. Әсіресе, журналистердің талмай ізденістерінен туындаған көркем тілмен жазылған түрлі тақырыптардағы қызықты әңгімелерін, эсселерін, ғылыми негізде жазылған жазбаларын, поэзия, прозалық шығармаларын газеттерден оқығанында рахаттанып бір сергіп қаласың.

Мен газет журналдарды үзбей оқып отырғанды жақсы көремін. Әсіресе, «Тұран-Қазалы», облыстық «Сыр бойы», «Тіл сақшысы», республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Казахстанская правда», тағы басқа газеттерде шыққан хабарларды оқып бір марқайып қаламын. Қоғамдағы болып жатырған барлық жаңалықтарды, келеңсіз жағдайларды, қаламымен халыққа анық, шынайы жеткізетін осы журналистер, тілшілер қауымы. Қоғамдағы «төртінші билік» деп журналистер қауымын атауы сол себептен.

Бүгін ақпарат қызметкерлерінің күні мерекесі. Осыған орай, шығармашылық иелерін мерекелерімен құттықтаймы! Оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбектеріне жеміс, семьяларына мол бақыт, шығармашылықтарына шабытты ізденіс тілеймін!

Болатбек РСАЛЫ,
Аймақтық «Тұран-Қазалы»
газетінің штаттан тыс тілшісі,
Жанкент аулы

28 МАУСЫМ –ЖУРНАЛИСТЕР КҮНІ

Қоғамдағы ойды қалыптастырушы бұқаралық ақпарат құралдары саласы. Халыққа адал қызмет ету-әрбір журналистің абыройлы міндеті. Журналистер қашанда ел мүддесі үшін еңбектеніп, қалам сермеп жүрген жандар. Елдегі жаңалықтың жаршысы-журналистер.

Олардың әлемге ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді насихаттау жолында еңбектері зор. Ел өмірінің жетістігін, қиындығын, әрбір сәтін қалт жібермеуге тырысады.

Қазіргі заманда ақпарат өміріміздің бір бөлігіне айналған. Күнделікті өмірде, әлемде болып жатқан жаңалықтардан халықты хабардар ету үшін бұқаралық ақпарат құралдары жарыса қызмет етеді. Еліміздегі медиа саласы заман талабына сай қарқынды түрде дамуда. Қазіргі таңда интернет желісі алғашқы жаңалық таратушы құрал болып табылады. Дәстүрлі журналистикамен қатар интернеттік журналистика да қазіргі қоғамда өз орнын қалыптастырып келеді. Әлемнің көптеген елдерінде теле, радио, газет-журналдар онлайн режимінде ақпарат таратуға көшті.

Жалпы журналист мамандығы өз шеберлігі мен қабілетімен көзге түсетін мықты сала.

28 маусым –Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесі. Қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза айтқандай «Жегендері жантақ, арқалағаны алтын» барша әріптестерімізді кәсіби мерекемен құттықтаймын! Елге жаңалық жеткізу жолында қаламдарыңыз мұқалмасын! Толағай табыстар тілеймін!

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»



БАҒЫНДЫРАР АСУЛАРЫҢ АЗАЙМАСЫН

"Газеттің өзі- бір күндік, сөзі- мың күндік" деген тәмсіл бар. Шындығында да қандай басылымның да бетінде айналадағы ортаның барлық тармағы қамтылып, қатталады. Сондықтан да оны қоғамдық- саяси өмірдің өлмес, өшпес шежіресі мен тарихы десек жарасады.

Мен журналистика саласындағы еңбек жолымды 1987 жылы белгілі журналист- жазушы Әлмәмбет Әлішев басшылық жасаған аудандық "Ленин туы" газетінде әдеби қызметкерлікпен бастадым. Онан кейінгі тірлігім "Қазыналы Қазалы", "Тұран-Қазалы" газеттерінде бөлім меңгерушісі, редакция меңгерушісі, жауапты хатшы қызметімен жалғасты. Арасында жеке сектордағы "Қазалы айғағы", "Атамекен Қазалы" газетінде редакторлық еттім. 2020 жылы зейнеткерлікке шыққанымша "Сыр- Медиа" ЖШС- не қарасты аудандық "Қазалы" газеті бас редакторының

орынбасары қызметін абыроймен атқаруға күш салдым.

Өткен уақыт ішінде инемен құдық қазғандай қиындығы мол кәсіптің ыстығына күйіп, суығына тоңа білдік. Бір кездері ортақ ұжымның мерейлі міндетін өрге домалатуға атсалысқан: Ә. Әлішев, М. Қаржаубаев, Е. Кішкенеев, Ж. Өмірбаев, Ж. Мәкеналы, Н. Аяғанов, Қ. Баймаханұлы, Т. Қаниев сияқты әріптес аға- ініміз ортамызда жоқ. Бүгін сол аяулы азаматтардың жарқын бейнесін еске алып, рухтарына бас иемін.

28 маусым- Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні мерекесі. Төл мереке үстінде бір терінің пұшпағын бірге илескен қаламгер заман-



дастарым мен іні- қарындастарыма айтар ізгі тілегім көп. Алдымен денсаулықтарың мықты болсын, отбастарыңа береке- бірлік қонақтасын. Шабыттарың шарықтасын, жазарларың таусылмасын. Жыл сайын мерекеден мерекеге аман- есен қауышып, бағындырар асуларың азаймасын!

Сахи ҚАПАР,
ардагер журналист,
"Еңбек ардагері"
медалінің иегері

ЖУРНАЛИСТКЕ АРТЫЛАР ЖҮК САЛМАҚТЫ



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі. Ақпарат саласы – қоғамдық пікір қалыптастыратын бірден – бір сала.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып жүрген журналистерге артылар жүк салмақты. Өйткені әрбір қаламына іліккен тақырыпты байыбына жеткізіп жазу журналист шеберлігінің бір қыры.

Қазіргі қоғамда журналист мамандығының маңызы ерекше. Жур-

налист елдегі іске асырылып жатқан реформаларды халыққа түсіндіре алуы тиіс, қолға алынған мемлекеттік бағдарламаларды насихаттаушы, халыққа ақпарат таратушы. Журналист ауданның, облыстың жаңалықтарына ақпараттық қолдау көрсетіп қана қоймай, елдің дамуына оң имидж қалыптастырушы маман.

Ал бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам үшін маңызы зор. Маңызды ақпараттар мен тартымды мақалалар жариялау газет – журналдың беделін арттырады.

Аймақтық «Тұран Қазалы» газеті – аудан мен аймақ жаңалықтарын, халықтың әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өміріндегі оқиғаларын жариялап келеді. Әр газеттің өзіндік орны бар десек, аталмыш газеттің ауданымыздың айнасы екені анық. Біз газет арқылы болашақ ұрпақты патриотизмге, ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, адамгершілік құндылықтармен сусындатамыз.

Қалам мен қағазды серік еткен қалам шеберлері жоғары кәсіби шеберлігі арқылы оқырман оясынан шығады. Олардың әрбір қаламынан шыққан мақала жұртшылықтың көңілінен шықса бұл журналистің де, газеттің де мерейі.

Журналистер қауымын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт пен толағай табыстар тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
«Тұран-Қазалы» газетінің
штаттан тыс тілшісі,
Қазалы қаласы

ГАЗЕТ – САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ЭТИКАНЫҢ ЖАРШЫСЫ



Әлихан Бөкейхан айтқан төрт қағида бар. «Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі. Екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе. Үшінші: газет – халыққа білім таратушы. Төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы». Тіл ұстартып, адамға тәрбие беруші құрал-ол газет. Ал әлеуметтік желі сізді тек



ақпарат берумен қатесін түзеуге бағытталған.

Ғаламторды қанша жерден мақтасақ та, ол газет пен журналдай бола алмайтынына сенімдімін. Заман талабын ескерген дұрыс шығар, бірақ тасқа басылған дүниелердің салмағы қашанда жоғары екені белгілі. Бүгінде осыған байланысты екі жақты пікір бар.

«Газет-журналсыз өмір сүру мүмкін емес. Бұрынғылар ғаламторсыз-ақ газет оқып, көзін ашқан. Ал, жаңа заман адамдарының өмірін ғаламторсыз елестету қиын. Ғаламтор қазіргі таңда адамзатты елітіп, өзіне тәуелділікке айналдырды десек артық болмас. Әрине қазіргі жағдайда қолдануда дұрыс та шығар, бірақ газетсіз елдің тіліне нұқсан келеді», - деп аға буын өкілдері баспасөздің келешегіне алаңдаушылық танытса, енді біреулері: «Қолымыздағы тетікті бассақ болғаны, ақпараттың барлығы дайын тұр. Газет-журналға жазылып, ақша шығарып не керегі бар? деп қысқа ойлауы дұрыс емес. Газет – қаншама адамның үздіксіз ізденісі, табанды еңбегі. Ел азаматтарының ізгі істері, қоғамдағы өзекті мәселелер жайын айтқан журналистердің мірдің оғындай өткір сөздерін газет бетінен ғана табатын сияқтымыз. Алайда қазір жастар газет, кітап оқуға құлықсыз деген пікір қалыптасып келеді. Болашақ елдің ұрпағының бағытын дұрыс таңдау жолында газет, журналдың өзіндік орны бар екенін ұмытпаған жөн. Газет оқу бұл – зиялылықтың белгісі.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті өзіндік мақалаларымен ой салады. Газет аймағымыздағы өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың бірі, жақсы жаңалықтар жаршысы.

Сыр өңірінің жасампаз істерге толы шежіресін қалыптастырып, жас ұрпақ тәрбиесі, ана мен бала, халықтың экономикалық жағдайы туралы, ұлыларды ұлықтап, халықтың көңілінен шығып келеді. Газет-ұжымының сан түрлі тақырыптарда қалам тербеп, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып келе жатқаны редакция қызметкерлерінің жұмысының жемісі.

Төртінші биліктің төрінен орын алып жүрген баспасөз қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, ойларыңыз салиқалы да салмақты, қаламдарыңыз қарымды да шабытты болып, Тәуелсіздікті нығайту жолындағы еңбектеріңіз жана берсін демекпін!

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА,
№276 орта мектептің
оқу ісі жөніндегі орынбасары,
«Тұран-Қазалы» газетінің
штаттан тыс тілшісі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктерімізде аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Сол мәселелердің бірі қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе күрделі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық

даму, нарықтық экономика- ны құру, инвестициялар тар- ту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институт- тарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Біздің қоғамда сыбай- лас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға бо- лады.

Барлық мемлекеттік орган- дар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде сыбай- лас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам болып белсенділік танытып қарсы тұруымыз қажет.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық бо- рышы деп білу керек.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясын- да жемқорлыққа қарсы іс- әрекеттер әрсалада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез- келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік та- нытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына

түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асыры- луда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз орта- сын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты пары- зы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу біздің басты міндетіміз.

М.ҚАЙРУЛЛАЕВ,
«Арықбалық» ауылдық округінің әкімі

ЖОБА

Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1- тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару ту- ралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1- тармағының 15) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы Экология, Гео- логия және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №154-ө бұйрығына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі атқарушы органдарға» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24382 бо- лып тіркелген), Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы**Аты-жөні****ПРОЕКТ**

Об утверждении программы по управлению коммунальными отходами по Казалинскому району

В соответствии с подпунктом 1 пункта 3 статьи 365 Эколо- гического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 63 акона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 18 мая 2023 года №154-п «Об утверждении Методических рекомендаций местным исполнительным органам по разработке про- граммы по управлению коммунальными отходами» (зарегистри- рован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №24382), Казалинский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить программу по управлению коммунальными от- ходами по Казалинскому району, согласно приложению к настоя- щему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении де- сяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность**ФИО**

ДАЛА ӨРТІНЕ АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Өрт - барлық апаттың ба- стауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтыраы сөзсіз. Оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз ке- рек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі орман - тоғай өрті.

Теледидардан байқап отырсаңыздар әр жылдың жаз айларында орман-тоғай өрті көп орын алып отырады. Бұл өрттер күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өзі өртенуінен және де саяжайға дамалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан бола- ды.

Табиғатты қорғауда ор- ман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген

учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді. Бұл өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап ай- татын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан- жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды бол- дырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және аудан- нан сайланған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазақстан Журна- листер Одағының мүшесі, ардагер журналист

ҚАПАР САХИ БАХИҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы газеттің бұрынғы қызметкері, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі, ардагер журналист

Сахи Қапаровтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған- туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью- термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.